

«Балақай» бөбекжай-бақшасы МКҚК

**№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС**

**Өткізілген уақыты:** 29 тамыз 2025 жыл

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

2025-2026 оқу жылы

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

## ХАТТАМА №1

**Өткізілген уақыты:** 29 тамыз 2025 жыл

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

**Мақсаты:** Балабақшада тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау, бекіту.

**Төрайымы:** Ж. Наралиева

**Хатшысы:** Ж. Мамырәлиева

**Барлық педагогтар саны:** 8

**Қатысқан педагогтар саны:** 8

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»
2. Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат; стандарт, бағдарлама )
3. «Балабақшаның жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»
  - 1) 2025-2026 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.
  - 2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, күн тәртібін бекіту
  - 3) Вариативтік компонент мазмұнымен таныстыру және бекіту
  - 4) Ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмысының жүргізілуі.
  - 5) Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы
4. Бөбекжай –балабақшада топтарды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жасақтау, топ тізімін жасау, бекіту.
5. Аттестатталатын педагогтардың тізім құрамын бекіту. Аттестация комиссия құрамын бекіту
6. «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарымен таныстыру
7. Педагогикалық кеңестің шешімі.

## 1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Ж. Мамырәлиева педагогтерді жазғы сауықтыру шараларының жоспар бойынша жүзеге асырылғанын айтып, жазғы кезеңде сауықтыру шаралары балалардың денсаулығына оң әсерін тигізді және барлық топтарда жоспар бойынша толық орындалды сонымен қатар жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жаңа оқу жылындағы педагогтардың құрамымен ақпараттандырды. Сонымен қатар, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырды.

**ШЕШІМІ:** жазғы сауықтыру шараларының жоспарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін

## **2.ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері педагогтерді 2025-2026 оқу жылына арналған нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хатта 2025-2026 оқу жылындағы белгіленген негізгі міндеттердің бағытын атады. Соның негізінде балабақша 2025-2026 оқу жылына белгілеген міндеттері төменгідей екенін атады:

- Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмірсалты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- «Білімді ұлт» жобасы аясында шаралар ұйымдастыру арқылы балаларды Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.

Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған 2025-2026 оқу жылындағы басшылыққа алатын 32 нормативтік құқықтық құжаттарды атады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру білім беру ұйымдарының топтарында **заттық-дамытушы ортаны** талапқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатынын ескертті. Заттық-дамытушы ортаның балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше тандауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта болуы керектігі айтылды.

Ағымдағы оқу жылының циклограммасына ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждары тақырыбында сюжетті-рөлдік ойындар жоспарлауы ұсынылады.

## **ШЕШІМІ:**

1. Балабақша педагогтеріне 2025-2026 оқу жылына арналаған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны таныстырылсын.

## **3.ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Мамырәлиева педагогтерді 2025-2026 оқу жылына арналған нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырды. 1. Стандартта Сөйлеуді дамыту Тіл дамыту болып өзгертілген. 2. Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет болып біріктірілген (Ерте жас, кіші топ, орта топ, ересек топтарда) 3. Дене шынықтыру-дене тәрбиесі 4. Қоршаған орта-Қоршаған әлем етіп ауыстырылды 5. Қабылдау, таңғы жаттығу, Серуенге дайындық, серуен үйге қайту, ұйқы ашар бөлімдерін аптаға бөлмей тұтас жазуға болады. 6. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету (яғни бастауышпен сабақтастықты күшейту) 7. ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижесі қарастырылады. 8. Жеке картада критерийлер бойынша орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен дамыту және/немесе

түзету шаралары жазылады. Критерийлер бойынша жоғары деңгей көрсеткен балаларға Жеке карта толтырылмайды.(балабақшада) Түзету, дамыту іс-шаралары критерийлер бойынша орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен жүргізіледі 9.Оқу жылының соңында Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкес Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейінің қорытынды мониторингін ескере отырып, барлық жас топтары мен мектепалды сыныптарының педагогтері Ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДҚ) іске асырылған Жеке картаны толтырады 10. Біртұтас тәрбие-Адал азамат біртұтас тәрбие болып атауы өзгертілді.Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбие жұмысыМДҰ мен мектепалды сыныптарда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылады. Бұл маңызды!Әдістемелік материалдарды басшылыққа алу ұсынылады:- «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру»

-Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

-Мектеп жасына дейінгі балаларда энергия үнемдеу мәдениетін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар-Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік құрал

-«Адалдық әліппесі» мектеп жасына дейінгі балаларда құнды қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар жинағын басшылыққа алу ұсынылады

-Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру Үлгілік бағдарламаның мазмұнында қарастырылған(демек осы әдістемелік ұсынымдармен жұмыстар атқарамыз және циклограммаға енгіземіз.МДҰ-да атап өту үшін ұсынылатын мерекелер:- Қазақстан халқы тілдері күні (5 қыркүйек);-

Республика күні (25 қазан);- Жаңа жыл;-Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз);- Наурыз мейрамы (21-23 наурыз);- Қазақстан халқының бірлігі мерекесі (1 мамыр);- Отан қорғаушы күні (7 мамыр);- Халықаралық балаларды қорғау күні (1маусым). Балаларға арналған шараларды ұйымдастыруда әртүрлі нысандарды қолдану ұсынылады: -квест; -жоба; -байқау;-жарыстар;- көрмелер;-

сахналық қойылым;- фестиваль;-концерт;- жәрмеңкелер және т.б. Тәрбиешілерінің назарына! (!кеңес)2) Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу кезінде педагог міндетті қысқаша және нақты түсіндіруі, балалардың әрекеттерді орындауына (іс-әрекеттерге, ойындарға, пікір алмасуға, зерттеулерге, шығармаларға, сурет салуға, шешім шығаруына) уақытты көп бөлуі қажет. 3)

Педагог әрекетінің алгоритмі:4) балаларға айтып беру;5)балаларға көрсету;6) балалармен бірге орындау. Сонымен қатар әдіскер 2025-2026 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарымен таныстырды.Онда негізгі 7 бөлімнің қаралатыны айтылды.Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайтынын айтты. ОАМ №382 бұйрығына сәйкес. Циклограммада ұйымдастырылған іс әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланатынын, циклограммада педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді кіріктіре отырып,

шешу үшін, ұйымдастыратын түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) айқындайтыны айтылды. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекеттер бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылып, Перспективалық жоспарда айқындалған әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша міндеттерге жету үшін бір күнге бірнеше міндеттер айқындалатыны айтылды. Осыған сәйкес балабақшада құрылған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі мен күн тәртібін ұсынды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың толыққанды дамуын қамтамасыз ету, ата-аналардың педагогикалық, психологиялық, медициналық сауаттылығын арттыру, отбасымен бірлесе отырып, бала тәрбиесінде жүйелі бағыт қалыптастыру мақсатында балабақшада ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмысы жүргізіледі. Биылғы оқу жылында 5 бала тіркелді, 3 қыз, 2 бала.

Мекеме басшысы Ж. Наралиеваның қатысуымен мекеменің жаңа оқу жылына дайындығын тексерді. Ағымдағы жөдеу жұмыстары сапалы жасалыған. Жаңа оқу жылына балабақша толықтай дайын.

### **ШЕШІМІ:**

Балабақша педагогтеріне 2025-2026 оқу жылына арналаған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны таныстырылсын, жылдық жоспар, перспективалық жоспарлар, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі, консультациялық пункт жұмыс жоспары бекітілсін.

### **4. ТЫНДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын төртінші мәселе бойынша меңгерушісі 2025-2026 оқу жылындағы балабақшадағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай 2 топқа жасақталды. Олар ересек «Айгөлек» тобы мен кіші «Балбөбек» тобы және жауапты тәрбиешілерін тағайындады. Олар:

| Топтар                | Жасы | Балалар саны | Тәрбиешілері   |
|-----------------------|------|--------------|----------------|
| «Айгөлек» ересек тобы | 4    | 25           | А.Мардазимова  |
|                       |      |              | М.Бультрикова  |
| «Балбөбек» кіші тобы  | 2    | 25           | Г.Татекова     |
|                       |      |              | Г.Джасымбекова |

### **ШЕШІМІ:**

1. 2024-2025 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.

### **5. ТЫНДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж. Наралиева 2025-2026 оқу жылына аттестаттау комиссиясына құрамын сайлап, бекіту керектігін айтты. Сайланған комиссия құрамы жаңа форматта аттестатталушы педагог қызметкерлер мен оларға кеңестірілген тұлғалардың жұмыс барысын бақылап, портфолио жүйесінің дұрыс жасалуын қадағалайтынын айтты. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және

мүшелері енгізіледі.Аттестаттау комиссиясына негұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді.Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады.Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек.Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салуларын сұрады.

### **1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:** Әдіскер Ж. Мамыралиева

Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып тәрбиеші Г.Татекова , орынбасары болып А. Киргизбаева, Мүшелері: тәрбиешілер Г. Джасымбекова, М. Бультрикова, ал хатшысы ретінде өзім Ж. Мамыралиеваны ұсынамын деп сөзін аяқтады. Педагогтар әдіскердің ұсынысын қолдай отырып,аталған тәрбиешілерге қарсылық білдірмейтіндігін айтты. Қатысушылар бір ауыздан ұсынысты қолдап,қарсылық білдірмейтіндіктерін айтты.

### **ШЕШІМІ:**

1. Аттестаттау комиссиясының хатшысы болып Ж. Мамыралиева сайлансын.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып Г.Татекова, төрайымының орынбасары А. Киргизбаева, мүшелері болып Г. Джасымбекова, М. Бультрикова сайлансын.

2. Коммисия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

### **6.ТЫНДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын алтыншы мәселе бойынша, «Адал азамат» бағдарламасын талданды. Жаңа бағдарламамен барлық ұжым таныстырылды.

«Адал азамат» бағдарламасының басты мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балаларға адалдық, әділдік, шыншылдық, жауапкершілік сияқты адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Талдау барысында тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен,салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды,мәдениетті қарым-қатынастын игерту бағытында болатыны айтылды.

### **ШЕШІМІ:**

- 1.Балабақшадағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда «Адал азамат» бағдарламасы басшылыққа алынсын, жоспары бекітілсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:

Ж. Наралиева

Ж. Мамыралиева

